



Процесс картасы  
"Оқу-әдістемелік бөлім"

СМЖ НП ПК 01 – 2026

Басылым 2

Дана №2

Бет 1 - 6

«КЕЛІСІДІ»  
Қолдану оқу-әдістемелік  
кеңесінің отырысында  
Хаттама № 1  
2026ж



«БЕКТЕМІН»  
Қызылорда медициналық  
жоғары колледжінің директоры  
Ж.А. Қалмақова  
2026ж

ТӘЛІМГЕРЛІК ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

«Бекітемін»

Қызылорда медициналық

жоғары колледжінің директоры

Ж.А.Қалмақова

«20» «05» 2024г



## Тәлімгерлік туралы заңды ережелер

### I. Жалпы ережелер

1. Тәлімгерлік мекемеге жаңадан қабылданған жас мамандарды немесе медициналық колледжде білім алатын студенттің оқыту сапасын жақсартуға бағытталған өндірістік-тәжірибелік қозғалыс. Бұл практикалық Кәсіптік оқыту, тәрбиелеу, еңбек ұжымына кіру институты.
2. Тәлімгерліктің мақсаты- білім алушылар мен жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру, коммуникативті дағдыларымен бірге, корпоративтік мәдениетті меңгеруге көмектесу, медициналық ұйымның қоғамдық өміріне қатысуға тарту, кәсіби теориялық және практикалық білім мен дағдыларды алуға немесе жетілдіруге жәрдемдесу.
3. Тәлімгер құрылымдық бөлімшенің басшысы, бөлімшенің аға мейірбихесі, тәжірибелі, бірінші немесе жоғары біліктілік санаты бар аға акушерка, жұмыс өтілі кемінде 7-10 жыл тиісті бейіндегі маман бола алады.
4. Тәлімгерлердің кандидатураларын бас дәрігер кәсіби деңгейіне, жоғары біліктілігіне және ерекше жеке қасиеттеріне: қарым-қатынас пен әлемді қабылдаудың оң стиліне, педагогикалық дағдыларға, проблемаларды шеше білуге, басымдықтарды айқындау қабілетіне, әріптестер арасындағы жеке ықпалы мен беделіне сәйкес айқындайды.
5. Тәлімгерлер мен тәлімгерлер кеңесінің тізімдік құрамы бас дәрігердің бұйрығымен бекітіледі және тәлімгерлік туралы ереженің өзі сияқты медициналық ұйымның Ұжымдық келісім-шартына қосымшамен ресімделеді.
6. Тәлімгерге екіден артық емес жас маман бекітіледі.
7. Құрылымдық бөлімшеде тәлімгерлікті ұйымдастыру үшін бөлімше меңгерушісі, аға мейірбихе жауапты болады.
8. Құрылымдық бөлімшенің меңгерушісі жеке тәлімгерлік жоспарын бекітеді, аға мейірбихе тәлімгерлер мен жас мамандарға нұсқама жүргізеді, жас маманның өзіне бекітілген тәлімгермен бірлескен жұмысы үшін қажетті жағдайлар жасайды, үздіксіз кәсіптік оқыту барысына жүйелі бақылауды жүзеге асырады.
9. Тәлімгерге сәйкестік критерийлері: кәсіби қызметте білім мен тәжірибе беруді; дамытуды қажет ететін білім алушының немесе жас маманның жеке қасиеттерін анықтау және бағалау біліктілігі жоғары; өндірістік ортаға бейімделуге көмек және қолдау көрсетуге дайын болуы; оқытудың заманауи тәсілдері мен жана нысандарын қолдана білетін; мамандық пен қарым-қатынаста оң үлгі бола алатындығы.

10. Тәлімгерліктің барлық кезеңінде тәлімгер мен жас маман арасында екі тараптың да міндеттерді сөзсіз орындауы туралы келісім (тәлімгерлік туралы Ережеге қосымша) жасалады.

11. Білім алушы өз жұмысының жоспарын орындайды, оқу-өндірістік практиканың есебін дайындайды.

12. Тәлімгер өз жоспарын жасайды және жас маман жұмысының тиімділігіне бағалау жүргізеді, жұмыс туралы есептерді дайындайды.

13. Әкімшілік, кәсіподақ комитеті жас мамандармен, білім алушылармен жүргізген табысты тәлімгерлік жұмысы үшін моральдық және материалдық тәлімгерлерді көтермелейді.

14. Кәсіподақ ұйымы маманның кәсіби деңгейін көтеруде барлық құралдармен жәрдемдеседі, оны Кәсіподаққа кіруге ынталандырады және күш-жігерін қызметкерді кәсіби және қоғамдық ілгерілетуге бағыттайды.

## **II. Тәлімгерліктің мақсаттары**

1. Білім алушылар мен жас мамандарды мамандық және кәсіп бойынша өнімдік жұмысқа дайындау. 2. Білім алушылар мен мамандардың кәсіби деңгейін, олардың теориялық білімі мен практикалық дағдыларын арттыру.

3. Өз мамандығына адам ретінде нағыз медицина қызметкерін тәрбиелеу.

4. Медицина қызметкерлерінің ұрпақтар арасындағы сабақтастықты, тәжірибені, дәстүрлерді жалғастыруды, ұжымдардағы кадрлық әлеуеттің өзара қолдауы мен тұрақтылығын сақтау.

## **III. Жұмыстың бағыттары мен міндеттері**

1. білім алушыларға мамандықты игеруге, медициналық этика және деонтология нормаларын меңгеруге, жалпы білім беру және мәдени деңгейін арттыруға, кәсіподақ қозғалысына және ұйымның қоғамдық өміріне қатысуға тартуға, жеке білім, білік және дағды алуға көмек көрсету жөніндегі жұмысты нақты ұйымдастыру

және жүйелі жүргізу.

2. Жоғары тәжірибелік көрсеткіштерге қол жеткізген ұйымның үздік қызметкердің жұмысын үлгі тұтуға тәрбиелеу.

3. Мекеменің тарихымен, мамандық бойынша жұмыс ерекшеліктерімен, оның қызмет кезеңдерімен, халыққа медициналық көмек көрсету жөніндегі міндеттермен таныстыру.

4. Кәсіби мерекелерді ұйымдастыру және өткізу (мамандыққа арнау, бірінші жұмыс күні, Денсаулық сақтау саласының өзаттары мен ардагерлеріне құрмет көрсету).

5. Білім алушыларды және жас мамандарды тәрбиелеуде тәлімгердің жеке жетістіктерін қолдану.

6. Жұмыстан тыс уақытта білім алушы мен жас маманның, тұрмыс жағдайымен танысу, және ол үшін қиын өндірістік емес мәселелерді шешуде моральдық қолдау көрсету.

7. Білім алушылар мен жас мамандарды ғылыми-практикалық жұмысты орындауға және ғылыми қоғамдардың мүшелігіне тарту.

8. Жас мамандарда орындлатын жұмыс үшін жоғары жауапкершілікті, емдеудің, диагностиканың және профилактиканың жаңа заманауи әдістерін ұдайы жетілдіруге, зерделеуге және практикаға енгізуге ұмтылысты қалыптастыру.
9. Тәлімгерліктің нысандары мен әдістерін үнемі жетілдіру.
10. Басқа денсаулық сақтау ұйымдары тәлімгерлігінің озық тәжірибесін зерделеу және енгізу.
11. Белгіленген құжаттаманы жүргізу (жоспарлар, тәлімгердің есебі және т.б.).
12. Тәлімгерлік бойынша жұмысты тиісті жылға қорытындылау.
13. Материалдық және моральдық ынталандыру және тәлімгерлікті ынталандыру.

#### **IV. Міндеттері**

Өз жұмысында тәлімгер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, тәлімгерлік туралы осы Ережені, тәлімгерлер кеңесінің шешімдерін, мекеменің жергілікті актілерін, ұжымдық шартты басшылыққа алады.

Тәлімгер міндетті:

- \* білім алушы немесе жас маманды оқыту және тәрбиелеу процесін барынша тараландыру;
  - \* білім алушы және жас маманмен жеке жұмыс жоспарын құру;
  - \* білім алушы және жас маманды мекеме қызметінің мақсаттары мен міндеттерімен, бөлімшенің өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларымен, ұжымдық мәдениеттің негіздерімен, ұжымдағы дәстүрлермен таныстыру;
  - \* мамандық бойынша негізгі жұмыс талаптарымен, еңбекті қорғау және ішкі еңбек тәртібі Ережелерімен, ұжымдық шартпен таныстыру;
  - \* білім алушы мен жас маманның қажетті оқуларын өткізу және орындатын жұмыстарын бақылау, жіберілген қателіктерді анықтап, бірлесіп жоюға көмек көрсету;
  - \* білім алушы мен жас маманның назарын проблемалық мәселелерге аудару және оларды уақтылы жою, қолдау, оңай және қол жетімді кәсіби шеберлікті меңгеруге көмектесу;
  - \* білім алушы мен жас маманның еңбекке, тәртіпке, өзін-өзі тануға, өзін-өзі бақылауға, бағалауға үйрету және оның басқа да жеке қабілеттері туралы түсінік алу және оларды дамыту;
  - \* тәлімгердің жұмысы туралы есепті өндірістік тәжірибе бойынша колледждің оқу тәжірибе ісі бойынша жауапты тұлғаға және тәлімгерлер Кеңесіне ұсыну.
- Білім алушы немесе жас маман міндетті:
- \* ұйымның ішкі еңбек тәртібінің ережелерін орындау және жұмыста лауазымдық нұсқаулықты, еңбек шартын, ұжымдық шартты, мекеменің жергілікті актілерін және тәлімгердің нұсқауларын басшылыққа алу;
  - \* қойылған міндеттерге сәйкес қажетті кәсіби дағдыларды меңгеру, ұйым жарғысының ережелерін зерделеу, ұйымның және нақты маманның қызметін регламенттейтін қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құжаттар туралы қажетті ақпаратты алу және жұмыста пайдалану;
  - \* өз тәлімгерімен үнемі қарым-қатынас жасау, мамандықты игеру, ұйымдағы жұмыс ерекшеліктерімен танысу, өндірістік қызметтің түсініксіз мәселелерін нақтылау үшін тәлімгердің тәжірибесі мен білімін барынша пайдалану;

- \* кәсіби тәжірибеде дағдыларды игеруге ұзғытылу;
- \* бастамалармен сөз сөйлеу және белсенді қоғамдық позицияға ие болу.

#### **V. Құқықтар мен жауапкершілік**

Тәлімгерлер мен жас мамандардың құқықтары мен жауапкершілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ мекемелердің жергілікті актілерінде және тиісті лауазымдық міндеттерде айқындалған медициналық ұйымдар қызметкерлерінің құқықтары мен жауапкершілігіне негізделеді.

